

Қ.Ж. УТЕЕВА

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
(Алматы, Қазақстан), uteeva.kundyz@mail.ru

## ҰЛТТЫҚ САНА-СЕЗІМДІ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

*Аңдатпа*

Мақалада жасөспірімдерді ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу мәселелері қарастырылады. Оның мақсаты әр оқушының өркениеті ешбір елден кем болмағандығына көздерін жеткізу, адамгершіліктің биік шыңына жетелеу, әдеби сөздік қорын дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау т.б. Сонымен қатар рухани жетілген тұлғаның бойында адамгершілік ұстанымдар да болуы тиіс: өзінің қадір-қасиетін сақтау, жауапкершілік таныту, ержүрек болу, өзін-өзі бірқалыпта ұстай білуі маңызды. Ғалымдардың пікірінше жасөспірім кезеңде сана-сезімді әртүрлі қоғам талабына сай дамытуды, сонымен қатар құндылықтарды жасөспірімдердің бойына сіңірудің жолдарын қарастырып, осы негіздегі ғылыми зерттеулерді талдау туралы өзекті мәселе қозғалған. Ұлттық мәдениетті дамытудың маңыздылығы мен тәсілдерін жалпы білім беретін мектептің тәрбиелік ортасында жасөспірімдердің өзін-өзі тануы. Жалпы білім беретін мектеп бала өміріндегі маңызды орындардың бірін алады. Мектеп күрделі әлеуметтік организм ретінде мінезді қалай көрсетеді, әр түрлі қоғамның мәселелері мен қайшылықтары. Өзінің тәрбиелік әлеуетінің арқасында мектеп белгілі бір адамның өмір сүру кеңістігіндегі бағытын анықтайды. Қазіргі қоғамның негізгі проблемаларының бірі-білім беру және білім алушылардың дамуы, олардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру мәселесі де қарастырылған. Жасұрпаққа адамгершілік тәрбие беру - бұл ұлттық мәдениеттің негізі болып табылады.

*Түйін сөздер:* жасөспірімдер; ұлттық сана-сезім; ұлттық құндылықтар; өзін-өзі тану; адамгершілік; тәрбиелік әлеуеті.

**Кіріспе.** Адам болмысы өте күрделі жүйе. Адам баласы материалдық және рухани өмірдің ортасында тіршілік етеді де, өзі өмір сүріп отырған қоғамның, ұжымның, ұлттың, рудың мүшесі ретінде өзіндік ақыл-парасатымен, жеке бастың өзіне тән ақыл-ой, ерік-жігер, мінез-құлқ ерекшелігімен көрінуге тырысады. Қоғам мүшелерінің барлығының мінез-құлқы бірдей болуы мүмкін емес. Әр адам өзінше жеке тұлға. Өзгермелі өмірдің түрлі соқпақтарынан жүріп өтіп, «адам» деген құрметті атқа кір келтірмей, керісінше өзінің игі істерімен көпшілікке танылып, ақыл мен парасаттылықтың, инабаттылық пен имандылықтың, мәдениеттілік пен әдептіліктің, сыйластық пен достықтың асыл үлгісі болу үшін әрбір адамның жүрегіне үлкен қайраттылық керек [1].

Адамдарды моральдық азғындықтан, сезімдік жадаулықтан құтқаратын бір күш бар. Ол – руханият. Керек десеңіз, руханият қоғамды әлеуметтік-экономикалық құлдыраудан да алып шығады. Руханият-адамның дүниетанымының кеңдігінен, жанының нәзіктігінен, санасының жоғарлығынан, әділеттілік үшін белсенділігінен, өзгелерге қайырымдылығы мен ізгі ниеттілігінен көрініс беретін оның ішкі әлемі. Адамның руханилығы жалпы адамзаттық құндылықтарды құрметтеуінен, игілікті құндылықтарды көздеуінен де көрінеді. Адамгершілік қасиеттерді қастерлейтін адам белгілі бір рухани мұраттар мен құндылықтарды ұстанады. Олардың әрекеттерінен мейірімділік, ар сақтау, ұятқа қалмауға тырысу сезіліп тұрады. Руханият адамға әдебиет, өнер, халық даналығы,

салт, мәдени дәстүрлер, ғылым, білім арқылы келеді. Рухани мәдениет адамның айналасындағы адамдармен қарым-қатынасты, қадірі, адамшылығы, ұяттылығы, тәрбиелігі, зиялылығы, қарапайымдылығы арқылы көрінеді. Рухани құндылықтар өмірге мағына береді, болашаққа жол ашады. Руханиятты қадірлейтін қоғамның ғана болашағы бар [2].

Оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе. Бүгінгі таңда мемлекетімізде Ұлттық білім беру жүйесін дамытудың басым бағыты адамның ішкі әлеуетін барынша ашуға бағдарланған адамгершілік-рухани білім беру жүйесі жолға қойылған. Тұлғаның физикалық, психикалық және рухани дамуында үйлесімге қол жеткізуіне мүмкіндік беретін адамгершілік-рухани-білім нақты білім беру тәжірибесінде түрлі жолдармен жүзеге асырылуда. Сонымен бірге оқу тәрбие процесінің басты міндет әрбір адамның табиғатына қаланған жалпы адамзаттық құндылықтарды ұлттық құндылықтармен ұштастыра отырып тәрбиелеу болып отыр. Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу білім берумен ғана шектелмейді. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани-адамгершілік қасиеттері қалыптасады [3].

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз - өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани – адамгершілік тәрбие екі жақты үрдіс. Мектеп пен ата - ананың тығыз байланысы. Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді [4].

Кезінде еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев: «Рухани құндылық, биік

адамгершілік жоқ жерде үлкен өркениет орнату мүмкін емес» деген болатын. Ендеше, жеке тұлғаның адамды адам ете түсетін қасиетін ашып көрсету, яғни руханилығын дамыту – заман талабы. Осы орайда мектепте атқарылатын тәрбие шараларының үлесі зор. Рухани-адамгершілік бағытында тәрбие сағаттарын өткізу, кез-келген пәнді оқытуда рухани-адамгершілік құндылықтарды қосып отыру, адами құндылықтарды сыныптан тыс сабақтарда дамыту, оқу бағдарламасына арнайы сабақтар енгізу, рольдік ойындар, сырттай экскурсиялар, пікірталастар, сұхбаттар жүргізу жатады. Рухани-адамгершілік тәрбие бойынша жұмыс білім беру және тәрбиелеу процесі барысында да жүзеге асырылады. Оқушыларға рухани-адамгершілік құндылықтарды сыныптан тыс өткізілетін сабақтарда, әртүрлі тақырыптағы кештерде беруге болады [5].

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің де қоғам алдындағы борышымыз [6].

Жеке адамның индивид қалпынан тұлға тұғырына көтерілу процесіне қоғамдағы қалыптасқан ахуал, отбасындағы этностық тәлім тәрбие, білім берген оқу ордасы, ата бабасынан мирас болып бойына сіңетін генетикалық ерекшеліктері, жоғарғы психикалық процестердің жүзеге асу ерекшеліктері әсер етеді. Ұлттық тәрбиенің өлмес негізі, рухани күші оның өмір сүру болмысынан туындаған өзіндік ұлағаты, тәжірибесінің молдығы, рухани мұрасының тереңдігі мен өнегелігінде жатыр. Қазақ қашанда ұрпағының толыққанды тұлға болып қалыптасуына атсалысып жырлары, әпсаналары, ертегілері арқылы бала кезінен ұлттық тәрбиені бойына сіңіріп отырған [7].

Қазіргі әлемдік білім беру кеңістігінде жастардың бойында әлемнің біртұтас бейнесін қалыптастыруға, көптүрлі мәдениеттерді құрметтеуге тәрбиелеуге,

руханилыққа, адамгершілікке қызығушылығын оятуға, өскелең ұрпақтың әлеуметтік белсенділігін дамытуға баса назар аударылып отыр. Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесі адамгершілік пен руханилықты дамытуға бағытталған [8].

Өткен ХХ ғасырда білім беруді ұйымдастыру «Ғылым – өндіріс – білім» атты мәдени макроүлгі аясында жүрді. Ал аяқ басқан ғасырымызда білімді ұйымдастыру «Мәдениет-білім-тарих» макроүлгі аясында болатындықтан, білім беруге деген жаңа көзқарас туды. Білім мәдениеттің бір бөлігі ретінде төрт жақты сипатта болатындығы ескерілуде. Дәлірек айтсақ, білім - құндылық, білім - жүйе, білім - үрдіс, білім - нәтиже. Осы төрт құрандыны біртұтас қарастырғанда ғана бүгінгі тарихи кезеңге сай білім мәні шығады.

**Негізгі бөлім.** Тәрбие – қоғамның негізгі қызметтерінің бірі, жеке адамды мақсатты, жүйелі қалыптастыру процесі, аға ұрпақтың тәжірибесін кейінгі буынға меңгертіп, олардың сана-сезімін, жағымды мінез-құлқын дамытушы. Ересек буын қоғамдытарихи өмірде жинаңталған тәжірибені, білімді жас буынға тәрбие процесі арқылы береді [9].

Тәрбие материалдық игіліктерді өндіруге қабілетті, іскер адамдарды дайындауға бағытталуы қажет. Басты өндіруші күш – жеке тұлға. Адам жүйелі түрде күрделі қатынастарға араласып, қоғамдағы қалыптасқан идеяны, саяси және моральдық көзқарастарды, сенімдерді қоғамдағы адамдардың өмір сүру тәртібін меңгереді [10].

Педагогика баланы оқыту, тәрбиелеу тәжірибелерін қорытып, тәрбие және даму үшін қажетті жағдайларды анықтайды.

Тәрбие – қоғамның тарихи әлеуметтік-экономикалық жағдайларынан туатын объективтік процесс.

Тәрбие процесінде бала өзінің дамуына қажетті жағдайларды пайдалануға тиіс. Табиғи және әлеуметтік орта оның көзқарасын дамытады.

Тәрбиенің мақсаты мен жүйесі мемлекеттің саясаты мен экономикасына тәуелді.

Тәрбие мен қоғам бір мезгілде пайда болды. Тәрбие қоғамдық құбылыс, онсыз қоғам өмірі ілгері дамымайды. Алғашқы қауымдық құрылыста ересектер балаларды еңбекке дағдыландыру үшін қауымның әдет-ғұрпын, салтын үйретті [11].

Таптық қоғамда тәрбие мақсатын анықтау қоғамның ең негізгі мақсатына айналды. Құл иеленуші қоғамдық құрылыста құлдар, өндіріс құралдары (жер, еңбек құралдары) - құл иеленушілерінің жеке меншігі болды. Тәрбиенің мақсаты құл иеленушінің мүддесіне бағындырылып, балаларды басқыншылық соғыс өнеріне тәрбиеледі.

Әрбір мемлекетте балаларға білім беру мен тәрбиені ұйымдастырудың нақтылы мәселелері мен әдістері қарастырылады. Мұғалім қандай адамды қалыптастыратынын дәл білуі керек. К.Д.Ушинский өз қызметінің айқын мақсатын көрмейтін тәрбиешіні құрылыс материалдарын бір жерге үйіп тастап, одан не алғысы келетінін білмейтін архитектормен салыстырады. Тәрбиеші жас ұрпаққа берілетін білім, іскерлік, дағдыны, тәрбиелейтін сезімді біліп, жоспарлы, мақсатты тәрбие жұмысын жүргізеді [12].

«Тәрбие – адамды қалыптастыратын және жетілдіретін үйлесімді процесс» - деп Коменский тәрбие мақсатын төмендегідей негізгі элементтерге бөлді:

- адамға барлық заттарды білгізу - «ғылыми білім»;
- заттардың және өзінің қожасы ету - «адамгершілік»;
- құдайға, заттарға құлшылық ету - «діни тәрбие»;
- тән саулығы – «дене тәрбиесі».

И.Г.Песталоцци тәрбиенің мақсаты балаға бастауыш білім, еңбек, ақыл-ой, дене тәрбиесін беріп, жан-жақты және үйлесімді дамыту деген.

Ы.Алтынсарин «өмірдің негізгі мәні – еңбек, ол адамның адамгершілік қасиетін мәртебелендіреді, өмірдің шын қадірін тек еңбексүйгіш адам ғана түсіне алады. Мәнсіз еңбек, мағынасыз бейнетқорлық адамның жігерін мұқалтады, өз еңбегінің қызығын, рақат-ләззатын көре білу – кісіліктің басты белгісі» – деген [13].

Мәтжан Мақсымұлы Тілеужанов өзінің «Қазақ тағылымы» атты монографиясында (1994) қазақ тағылымының негізгі бағыттарын атап көрсетті. Олар: ар-ождан тазалығын сақтау; ақыл-ойлы, парасатты болу; барлық әрекетінен, сөйлеген сөзінен, қарым-қатысынан, көзқарасынан ғибрат иісі аңқып тұру; ерте тұрып, кеш жату; аз сөйлеп, көп тыңдау; иманды, инабатты, қайырымды болу; жас ұрпаққа тәрбие беруден жалықпау; халық дәстүріне берікболу; оны жаңарту; әдет-ғұрыпта жоқ нерселерден аулақ болу; сегіз қырлы, бір сырлы болу; халқының рухына кір салмау; ел берекесін сақтап, оның баюына үлес қосу. Сонымен дәстүрлі педагогикада жас ұрпақты тәрбиелеудің негізгі мақсаты «жан-жақты үйлесімді дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру» – деп жазылды [14].

Қазақстан Республикасында халыққа білім, тәрбие берудің негізгі мақсаты-Қазақстанның егемендігін қамтамасыз ететін, оны бүкіл дүние жүзіне мойындататын, онымен тең қарым-қатынас жасап, Қазақстандық патриотизмді, саяси бостандықты қамтамасыз ететін нарықтың іргетасын қалап, экономикалық бостандыққа қол жеткізетін, жан-жақты дамыған адамдарды тәрбиелеу.

Мектептегі тәрбие жүйесін басқарудың тиімділігін бағалауды және талдауды мектеп қызметінің барлық бағытын үйлестіретін мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мониторинг, бағалау және бақылау арқылы жүзеге асырады [14].

Мектептердің тәрбие жүйесінің миссиясын жүзеге асыруға бағытталған және төмендегі бағыттары басшылыққа алынуы қажет:

– Әлемдік деңгейде жиналған озық тәжірибеге негізделген қазақстандық және халықаралық құжаттамалардың деректер базасы;

– Мектептегі тәрбие жүйесінің нақты айқындалуы;

– Тәрбие тұжырымдамасына көзделген, оқушының жеке тұлғалық ерекшелігін қалыптастыру;

– Оқушының өзіндік және ғылыми-тәжірибелік қызметі;

– Шынайы мамандық таңдау және кәсіптік бағдар қызметі.

Мектептің тәрбие жүйесінің 6 блок-схемадан құрылған үлгісі төмендегі кестеде көрсетілген.

Мектептегі тәрбие жүйесінің негізгі 6 бағытын, яғни блок-сызбасын нақтыласақ:

Тәрбие жүйесін үйлестіруші басқару құрылымы:

1. Педагогикалық кеңес – сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестіктеріне тоқталсам тәрбие жұмысын ұйымдастыруда сынып жетекші өзінің оқушыларының инициативасына сүйену, барлық баланың деңгейін, қызығу бағыттарын, әрқайсысының дара дамуын, жеке тұлғалық қалыптасу жолын және шығармашылықпен жаңа формамен түрлендіріп өткізуі, анықтап отыруы қажет. Олай болса, сынып жетекші – мектептегі оқу-тәрбие жұмысын тікелей және негізгі ұйымдастырушы, сыныптағы тәрбие жұмысын жүзеге асыру үшін директор тағайындаған ресми тұлға. Сынып жетекшісі өз оқушыларын ұжымдық әрекетте ауызбіршілікте болуға, сыныпта дәріс беретін мұғалімдер мен тіл табыса білуге, оқушылардың ата-аналары мен байланыста бола отырып жұртшылықпен бала тәрбиесіндегі ықпалын біріктіре білетін ұйымдастырушы.

Әдістемелік бірлестіктің (ӘБ) негізгі міндеті сынып жетекшілерінің, тәрбиешілердің әдіскерлік деңгейін одан әрі арттыру, олардың шығармашылық өсуі мен кәсіби мансабына жол ашу, өзін-өзі оқыту мен өзін-өзі дамыту мүдделері үшін әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыруға жіктелік тұрғыдан қарауды жүзеге асыру болып табылады. Әдістемелік жұмыстарды жіктеу әртүрлі оқытуларды (мазмұны, көлемі, күрделілігі, формалары, әдістері мен тәсілдері бойынша) ұйымдастыру көмегімен сынып жетекшілерінің жеке ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді. ӘБ жұмысын ұйымдастыру және жоспарлау мұғалімдердің нақты сұранымдарына

сай құрылуы керек. Бұл үшін мектепте мұғалімдердің – ӘБ мәжілістеріне, семинарларының тақырыбына енгізуге болатын проблемаларының білімдік сұраныс картасы жасалуы тиіс.

Сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестік жұмысының тиімділігін бағалауды және талдауды мектеп қызметінің барлық бағытын үйлестіретін мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сонымен қатар бірлестік жетекшісі мониторинг, бағалау және бақылау арқылы жүзеге асырып отырады. Мектебімізде тәрбие жүйесін жүзеге асыруға бағытталған бірнеше бағыттарды басшылыққа алып сынып жетекшілер өз жұмыстарын атқарып келеді [15].

Республика, облыс, аудан көлемінде деңгейде жиналған озық тәжірибеге негізделген құжаттамалардың деректер базасы;

- Мектептегі тәрбие жүйесінің нақты айқындалуы;
- Тәрбие тұжырымдамасына көзделген, оқушының жеке тұлғалық ерекшелігін қалыптастыру;
- Оқушының өзіндік және ғылыми-тәжірибелік қызметі;
- Шынайы мамандық таңдау және кәсіптік бағдар қызметі.

2. Тәрбие саласымен айналысатын педагог-мамандар арасындағы үйлесімділікті қалыптастыру;

Сынып жетекшілер – педагог-психолог – тәлімгер – әлеуметтік педагог – мектеп аяжаны – асхана меңгерушісі – мектеп инспекторы – алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі – дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі – кітапханашы. Білім беру ұйымдарында тәрбие саласымен айналысатын мамандар арасында үйлесімділік қалыптаспай жататын фактілер жиі кездеседі. Айталық, тәлімгер 11 қыркүйек күні 8 сыныптар арасында тәрбиелік шараны ұйымдастырады, ал, 8 сыныптың жетекшілерінің жұмыс жоспарында жұмыстың бұл бағыты қамтылмаған. Сондықтан мектептегі тәрбие саласымен айналысатын тәрбие мамандарының арасында үйлесімділік болуы керек.

Жоғарыдағы көрсетілген блок-сызбадағы үйлесімділік тұрғысында тәрбие жұмысының мазмұны, бағыттары айқындалуы шарт.

Сынып жетекшісі бала тәрбиесінде тікелей рөл атқарады. Мысалы баланың өмір салтын ұстануы, өмірге көзқарасы т.б.

Қазіргі кезде білім беру мекемелерінің алдында тұрған міндеттердің бірі – жас ұрпақтың салауатты өмір сүруге көзқарасын қалыптастыру, олардың денсаулығын сақтауға, қоршаған ортасын таза ұстауға және жоғары, сапалы білім алып, сол білімді келешектегі өмірінде пайдалана білуге тәрбиелеу. Өмір салты мен денсаулық арасындағы өзара байланыс салауатты өмір салты ұғымын құрастырады. Салауатты өмір салтын насихаттауда, салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру мәселелерін жетілдіретін, осы саладағы басымдылықтарды анықтайтын ғылым да, өскелең ұрпақты оқыту, тәрбиелеу формалары мен жаңа әдістерді ұстанатын білім де қажет. Мектеп оқушыларының салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы алған білімдері болашақ азаматтардың денсаулығын сақтап қалуға берік тірек болады.

Мектеп оқушыларының салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру бұл:

– Біріншіден, жеке тұлғаның өзін қоршаған жансыз және жанды табиғи ортамен жан – жақты үйлесім тауып, өз ғұмырын Отаны, елі, отбасы және өзі үшін барынша пайдалы өткізу дағдысын қалыптастыру;

– Екіншіден, салауатты өмір салты – ол денсаулықтың үйлесімді дамып, сақталуы мен орнығуын қамтамасыз ету мақсатында денсаулықты нығайтуға бағытталған іс – шараларды жүргізу [16].

Мектептегі оқушы денсаулығын сақтаумен қалыптастырудың басты мақсаты: тұлғаның психологиялық, дене – қимыл әрекеттерінің мүмкіндіктері мен жас ерекшеліктерін ескеріп, гигиеналық ұғымдарды, салауатты өмір салтының уәжамаларын, жеке бас тазалығын жете түсіндіру; Олардың мінез – құлқында белгілі гигиеналық тұрақтылықты қалыптастыру, өзіне - өзі қызмет ету, денсаулығын сақтау,

нығайту, мәдени – гигиеналық мінез – құлық дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Салауатты өмір салтының бүгінгі маңызды мәселелерінің бірі – жасөспірімдер арасындағы ішімдікке салыну десек, қазіргі зерттеулерге қарағанда, оған салынудың әлеуметтік – патологиялық дамуы мына себептерге байланысты екені белгілі болып отыр:

- әлеуметтік – экономикалық жағдай;
- отбасындағы психологиялық орта;
- жұмыссыздық, мақсатсыздық немесе шектен тыс бос уақыт, т.б.

Сондықтан балаларды жасынан салауатты өмір салтына қалыптастыруға күш салып, зиянды әдеттерден сақтандыруымыз керек. Денсаулық тәрбиесі – ортақ мәселе. Халық санының өсуі, оның сапасы, деннің саулығы мемлекет әл – ауқатының дамуына мұрындық болады. Сондықтан да Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» деген еңбегінде соның 4 негізгі күшін атап көрсетті. Оның бірі – жер үстіндегі байлық деп отырғанымыз – адам, оның білімі мен іскерлігі, таланты мен мәдениеті, денсаулығы деген еді.

Салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізгі бағыттары мыналар:

- жеке және қоғамдық гигиена;
- дене шынықтыру, гиподинамиямен күрес;
- организмді жаратылыс-табиғи факторлармен – су, ауа, күн жарығымен және т.б. шындау;
- күн тәртібін тиімді пайдалану;
- дұрыс және уақтылы тамақтану;
- жұкпа аурулардың алдын алу;
- тән ауруларынан сақтандыру;
- жарақаттанудан, уланудан, т.б. сақтандыру;
- зиянды әдеттерден (темекі тарту, алкоголь, есірткілік улы заттарды) сақтандыру;
- психопрофилактика және психогигиена;
- кикілжің және денсаулық;
- экология және денсаулық.

Салауаттанудың негізгі мақсаты – әрбір жеке адамның және тұтастай қоғамның

денсаулығын қамтамасыз ету. Салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізгі мақсаты – балалар мен жастарда жас ерекшеліктеріне, құндылық бағдарларына және имандылық – еріктілігіне сәйкес салауатты өмір салтының ұғымдарын, дағдыларын және уәждерін қалыптастыру. Лұқман Хакімнен «Өмірде байлық қымбат па, жоқ даңқ қымбат па?» деп сұраған екен. Сонда ол: «Байлықта, даңқта адам баласын бақытты ете алмайды. Біле білсеңдер, ауру ханнан дені сау қайыршы бақытты. Ал бақыт дегеніміз не? Әрбір адам өзінің күш-жігерін халқына, өз еліне, ұрпақ тәрбиесіне жұмсап, ақылды, парасатты және денсаулығы зор болса ғана бақытты», - деген екен. Қалай болғанда да ел, ұлт қамы үшін әр адамның саулығын жақсартуға, салауатты өмір орнатуға бәрімізде атсалысуымыз керек. Зиянды әдеттердің алдын алудағы маңызды бағыт – жасөспірімнің жеке адам болып қалыптасуына, оның қажеттілігінің, сұраныстарының жоғарылауына, адамзат баласының қастерлейтін мәдени құндылықтарына көзқарасын, яғни жасөспірімнің рухани денсаулығын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Жасөспірімдер арасында алкогольге қарсы ағартушылық, тәрбиелік жұмыстар жүргізу - ішімдікке қарсы арнаулы профилактикалық тәсілге жатады. Мектептерде алкогольге қарсы тәрбие жүргізген кезде төмендегі принциптерді басшылыққа алған дұрыс:

– Мектеп оқушыларын ерте жастан алкогольге қарсы тәрбиелеп, қалыптастыру. Алкогольге жеке көзқарас 9-10 жастың өзінде қалыптаса бастайтындықтан, ішімдікке қарсы тәрбиені бастауыш сыныптардан басталғаны жөн;

– Алкогольге қарсы тәрбие мен ағартушылық бір бағытта, бірізділікпен жүруі қажет; мұнда оқушының жас мөлшеріне сәйкес қарапайым мысалдан бастап, ішімдікке байланысты қоғамға да, өзіне де келтіретін зор кесепатты түсінідіру арқылы ішімдіктің зиянын ашып беру керек;

– Ішімдікке қарсы жұмысты балалар арасында қойылған фазалар мен кезеңдерге сәйкес жоспарлау;

– Ішімдікке қарсы жүргізілген жұмыстарда оқушылардың әр түрлі жас топтарының психикалық ерекшеліктерін ескеру;

– Оқушыларды ішімдікке қарсы тәрбиелеп, қалыптастыру жұмыстары гигиеналық және әдет-ғұрыптық, эмоционалды және мазмұндық аспектерге сәйкес келуі тиіс;

– Балаларды әлеуметтік-гигиеналық пайдалы белсенділігін жоғарылату, толыққұнды демалыстар ұйымдастыру;

– Алкогольге қарсы жұмыстарды кешенді жүргізу. Педагогикалық ұжымдар мұндай жұмыстарды жанұялармен, маман дәрігерлермен, соның ішінде наркологтармен, мемлекеттік емес ұйымдармен бірлесіп жүргізгені тиімді.

Жоғарғы сынып оқушыларын алкогольге қарсы жұмыстарға белсене араластыру. Оларға ішімдікке қарсы ағарту жұмыстарын жасату. Мұндай жұмыстар жоғарғы сынып оқушыларымен қатар бастауыш сынып оқушыларына да пайдалы болады. Өйткені бастауыш сынып оқушылары өзінің ата-анасымен, мұғалімдерінен гөрі жоғарғы сынып оқушыларына көбірек сенеді.

3. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру түрлері:

– Мұғалімдердің ата-аналармен ынтымақтастығы оқушылармен жүргізілетін тәрбие жұмысының табысты болуының басты кепілі болып табылады. Тәрбиеші үшін ата-аналарды педагогикалық үрдістің белсенді мүшесі ету оңай шаруа емес. Ол асқан шеберлік пен зор жауапкершілікті қажет етеді. Мұндай міндетті шешу үшін тәрбиешінің тәрбие жұмысының жоспарында оқушылардың отбасын зерттеу.

– Ата-аналардың педагогикалық сауатын көтеру. Ата-аналар комитетінің жұмысымен байланысты арттыру.

– Ата-аналармен жеке жұмыс жүргізу.

– Ата-аналарды оқушылардың оқу-тәрбие үрдісінің нәтижелерімен, барысымен жүйелі таныстыру. Мұндай маңызды істерді жүзеге асыруда тәрбиеші тәрбие жұмысының мақсатын, міндеттерін, мектептің ерекшелігін, ата-аналар құрамын, ата-ана мен

тәрбиешінің қарым-қатынасының негізгі ұстанымдарын ескеріп есепке алады.

Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру міндеттері:

– ата-аналарды балаларының оқу еңбегінің нәтижелері туралы хабардар етіп отыру;

– ата-аналарды балаларының оқуына көмекті дұрыс ұйымдастыруға үйрету;

– топ ұжымымен қызықты іс-шараларды ұйымдастыруға ата-аналарды қатыстыру;

– ата-аналармен тақырыптық жиналыстар оздыру;

– мектептегі ашық есік күндеріне шақырып, қатыстыру;

– ата-аналармен жеке жұмыс жүргізу;

Ата-аналармен тақырыптық жиналыс өткізіледі.

4. Мектептегі балалардың қоғамдық ұйымдарын ұйымдастыру.

Қазақстан Республикасының балалар мен жасөспірімдер ұйымдары өздерінің іс-әрекеттерін «Атамекен», «Жұлдыз» бағдарламаларын басшылыққа алып жүргізеді. «Атамекен» бағдарламасында балаларға арналған тәлім-тәрбие жұмысының бірнеше бағыттары көрсетілген. Олар:

• «Салт-дәстүр, әдет-ғұрып» қазақ және Қазақстандағы басқа халықтардың ұлттық салт-дәстүрі және әдет-ғұрыптарымен танысу. Этнографиялық жұмыс, фольклорлық материалды жөндеу.

• «Шежіре» – қазақ халқының және Қазақстанда мекендеген халықтардың тарихын, мәдениетін, дәстүрін зерттеу, тарихи мәліметтерді жинау, архитектуралық ескерткіштерді есепке алу.

• «Сөнбес жұлдыздар» – қазақтың және басқа ұлттардың ұлы ағартушыларының, батырлардың, ақындардың, ғалымдардың, саяси қайраткерлердің өмірін, қызметін және туған өлкенің тарихын зерттеу.

• «Толғау» – балалар қазақ халқының ұлттық төл мұралары, фольклорлық-этнографиялық музыка аспаптары, т.б. мұралары туралы мағлұматтар іздестіреді.

• «Наурыз» – халық мейрамдары, әдет-ғұрыптары, халық ойындарымен танысу.

• «Орта» – балалар табиғатты қорғаудағы

мәселелерге байланысты экологиялық жорықтар, саяхаттар ұйымдастырады.

• «Ардагер» – Ұлы Отан соғысы, Ауған соғысы, ұлт-азаттық қозғалыстарға қатысқан жауынгерлер туралы деректер жинап, мұражай, ескерткіш тақталар ашу.

• «Достық» – әрбір мектепте ұлттық мәдени орталықтар ашу, шетелдердегі балалармен достық байланысты дамыту. Қазақстан тарихына, мәдениетіне із қалдырған әр түрлі ұлт адамдарының өмірімен, іс-әрекетімен танысып, зерттеу.

• «Алыстағы бауырлар» – шет елдерде тұратын қазақтармен және басқа ұлт балаларымен байланыс жасау: хат жазысу, кездесу, тәжірибе алмасу, бірлесіп шаралар өткізу, т.б.

1991 жылы Қазақстан Республикасы балалар мен жасөспірімдер ұйымдары үшін Ақмола облыстық балалар ұйымының авторлық ұжымы профессор Е.А.Дмитриенконың басшылығымен «Жұлдыз» бағдарламасын жасады.

Бұл бағдарлама балалар мен жасөспірімдердің республикалық слетінде қаралып, 1991 жылы мамыр айында қабылданды. Бұл құжатта былай делінген: «Жұлдыз» бағдарламасы сенің жарқын өмір сүруіне, қиындықтарды жеңіп, нағыз достар тауып, бақытты болуына көмектеседі».

Ең бастысы – өз жұлдызыңның биік шыңына шығу тек өз қолыңда екенін ұмытпа. Ол үшін өзіңе-өзің көмектес! Бағдарламада балалардың жас ерекшелігіне байланысты 4 кезең көрсетілген:

1. Балапан» кезеңі - 5-8 жас.
2. «Балдырған» кезеңі - 9-11 жас.
3. «Жас ұлан» кезеңі - 12-14 жас.
4. «Мұрагер» кезеңі - 15-18 жас.

Осы төрт кезеңнің негізінде іс-әрекеттердің нәтижелі аяқталуына «Жұлдыз» бағдарламасындағы 7 сәуле көмектеседі. Олар:

1. «Үйелмен сәулесі» – өзің шыққан ататегіңді тануға көмектеседі.

2. «Достар» сәулесі – сенімді дос табуыңа, өзіңнің де нағыз дос болуына көмектеседі.

3. «Жер» сәулесі – туған жеріңді, Отаныңды сүйуге, халқыңның адал азаматы болуына көмектеседі.

4. «Білім мен іскерлік» сәулесі – көп біліп, көп нәрсені танып, үйренуге көмектеседі.

5. «Құштарлық» сәулесі – бос уақытыңды қызықты, пайдалы өткізуге көмектеседі.

6. «Мамандық» сәулесі – өмірде өз орныңды табуға, өзінді қызықтыратын ісінді табуға көмектеседі.

7. «Үндестік» сәулесі – әдемі, лайықты өмір сүруге көмектеседі. Әрбір сәуледе төрт кезең қайталанып отырады. Сонымен «Атамекен», «Жұлдыз» бағдарламаларының жасөспірімдердің ойын, дүниетаным қабілеттерін қалыптастыруда, инабаттылық, имандылық қасиеттерін тәрбиелеуде әсері мол.

«Кәусар бұлақ» бағдарламасы (авторы Зейнеп Ахметова) «Сөз атасы сәлем» Атабаба дәстүріндегі сәлемдесу жөн-жобалары (шаныраққа сәлемдесу, аттан түсіп сәлемдесу, қолдасып, төс қағысып амандасу).

«Ұлттық болмыс ұғымдар» Жетілік ұғым (7 ата, 7 күн, 7 шелпек, 7 қазына, т.б.)

«Қазақша жыл, ай атаулары туралы».

«Ислам діні мен байланысты ұғымдар» (ораза, айт, намаз, т.б.). «Қазақтың тыйым сөздері» (Үйді айналма, итті теппе, түзды төкпе, нанды аяқпен баспа) «Балалар батасы».

«Адамдық парыздар» – үлкенді сыйлау, туыстық туралы, туған жер, әке-ана, ата-әже.

«Еңсесі биік Аң Орда». Киіз үйлі қазақпыз. Ұлттың жиһаздар, ұлттық киім, киіз туралы (оның түрлері, қадір-қасиеті).

Мектеп басшылығы мен ұстаздар арасында және ұстаз бен шәкірт арасында адамгершілік қатынас, түсіністік, мәдениетті орта жасалады. Өміршілдік пен өктемдікке қажеттілік жойылады.

Әр жылдықтағы шәкірт саны 15-20-дан аспайды.

5. Ынтымақтастықта жұмыс жасайтын мекемелермен үйлесімділік

Аудандық, қалалық әкімдік жанындағы кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар, кәмелетке жасы толмағандар ісі жөніндегі инспекция, балалар құқығын қорғау жөніндегі департамент, педагогикалық-психологиялық



кабинет, жол полициясы, наркологиялық, са-  
 лауатты өмір салтын сақтау орталықтары,  
 бұқаралық ақпарат құралдары.

6. Сыртқы ықпал ететін ортамен байла-  
 ныс сабақтастығы.

Мектептен тыс қоғамдық орындар, меке-  
 мелер (оқушылар үйі, әуез, өнер мектептері,  
 спорт мектебі, мәдениет үйі, орталық  
 кітапхана және түрлі мекемелер) [18].

Назарларыңызға ұсынылған тақырыптағы  
 мәселелер бойынша бүгінгі таңдағы бала  
 тәрбиесіндегі патриоттық тәрбиенің алатын  
 орнына ерекше мән берілді деп есептеймін.  
 Мектепте тәрбиенің белгілі бір мақсаты бол-  
 маса, онда жүйелі жұмыс жүргізу мүмкін  
 емес. Тәрбие жүйесінің негізгі қозғаушы  
 күші – класс жетекшісі және ата-ана. Бала  
 өмірінде еліктеудің маңызын аша келіп  
 «үлкен кісі не істесе, бала да соны істеймін  
 деп талпынады», сондықтан тәрбиенің ба-  
 сты мақсатының бірі – «жетіліп, өсіп келе  
 жатқан баланың балдырған табиғатына  
 азық беру, әуес қылған нәрсесін тәжірибе  
 еткізу» деп ойлаймын.

**Қорытынды.** Ұлы философ Конфуций:  
 «Оқымай ойлану бос әрекет» деген, яғни  
 білім ғана биікке жеткізеді. Жас ұрпақты  
 қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік Ел -  
 елдік санасында тәрбиелеудің мазмұны мен  
 маңыздылығын түсіндіруде ұстаздың қосар  
 үлесі мол.

XXI ғасыр – тәуелсіз еліміздің  
 дүниежүзілік өркениетке өрлеу ғасыры. Жас  
 мемлекетіміз білім саласында өзіндік бағыт-  
 бағдарын айқындап, әлемдік білім кеңістігіне  
 еркін шыға алады. Себебі, инновацияларды  
 кеңінен қолдану-білім жүйесінің дамуына,  
 білім сапасының артуына үлес қосары сөзсіз.

Еліміздің саяси, экономикалық, мәдени,  
 қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай білім  
 беру ұйымдарының үлкен жауапкершілікті  
 сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге  
 қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған  
 маман дайындауға ұмтылуы, өзінің бүкіл  
 қызметін осы бағытта құруы заңды құбылыс,  
 себебі қоғам өзінің әлеуметтік-экономикалық  
 және рухани дамуының мазмұны мен  
 сипатының өзгеруіне және еңбек сапасына  
 талаптың жоғарылауына байланысты өз ісін  
 жетік білетін, кәсіби білімі мол мамандарды  
 қажет етеді.

Болашақ ұрпақты тәрбиелеу – ұстаз ал-  
 дында тұрған үлкен міндет болса, жеңіс  
 атаулының бәрі өзіндік жеңуден бастала-  
 ды, кездескен қиындықтарды жеңіп,  
 кәсіби деңгейімізді дамытып, Тұңғыш  
 Президентіміз Н.Назарбаевтың «Біздің  
 міндетіміз – бәсекелестікке лайық ұрпақ  
 тәрбиелеу» деген пікіріне қосыла оты-  
 рып, саналы, білімді ұрпақты тәрбиелеуде  
 ұстаздық рух, дана да, батыр да бас иетін  
 ұлылық иесі болайық.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

- [1] Шалдарбекова А.Б. О современном состоянии национальной идентичности в Республике Казах-  
 стан: исторический аспект // edu.e-history.kz. – 2019. – № 2(18) [Электрондық ресурс]: URL: <https://edu.e-history.kz/ru/publications/view/1167> (өтінім берілген күні: 05.06.2022).
- [2] Концепция реализации национальной идеи «Мәңгілік ел» в вузах Казахстана – Алматы: КазНПУ  
 имени Абая, 2015. – 22 с. [Электрондық ресурс]: URL: [https://www.kaznpu.kz/docs/novosti/ins\\_ped\\_psih/conseption\\_mangilik\\_el\\_russian.pdf](https://www.kaznpu.kz/docs/novosti/ins_ped_psih/conseption_mangilik_el_russian.pdf) (өтінім берілген күні: 10.03.2022).
- [3] Прохоров И. Ориентиры духовного развития / Казахстанская правда. – 18.03.2019 [Электрондық  
 ресурс]: URL: <https://kazpravda.kz/n/orientiry-duhovnogo-razvitiya/> (өтінім берілген күні: 12.03.2022).
- [4] Барканова О.В. Формирование национального самосознания старших дошкольников в современной  
 системе образования / О.В.Барканова, Д.И.Ворошилова // Молодой ученый. – 2018. – № 20(206). – С.58-  
 59 [Электрондық ресурс]: URL: <https://moluch.ru/archive/206/50433/> (өтінім берілген күні: 23.06.2022).
- [5] Мардахаяев Л.В., Кусайнова М.А., Смагулова Н.К., Тусенова М.К. Изучение этнического самосозна-  
 ния в начальной школе через национальные ценности // Вестник науки. – 2019. – № 12(21). – Т.1. – С.51-  
 56 [Электрондық ресурс]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/izuchenie-etnicheskogo-samosoznaniya-v-nachalnoy-shkole-cherez-natsionalnye-tsennosti/viewer> (өтінім берілген күні: 12.03.2022).
- [6] О принятии Концептуальных основ воспитания в условиях реализации программы «Рухани  
 жаңғыру»: Приказ МОН РК. – 15.04.2019. – № 145 [Электрондық ресурс]: URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=36534445](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36534445) (өтінім берілген күні: 12.03.2022).

[7] Кожахметова Ж., Наурызбай З. Семья - главный институт воспитания личности // Педагогика и психология. – 2021. – № 2(47). – С.249–255: DOI: 10.51889/2021-2.2077-6861.29 [Электрондық ресурс]: URL: <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/215> (өтінім берілген күні: 23.03.2022).

[8] Куздеубаева А., Мустапаева Т., Тобағабылова А. Нравственные ценности как основа формирования поликультурной личности // Педагогика и психология. – 2021. – № 4(49). – С.245–253: DOI: 10.51889/2021-4.2077-6861.29 [Электрондық ресурс]: URL: <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/422> (өтінім берілген күні: 23.03.2022).

[9] Nam A. Medium of instruction and national identity. - Nazarbayev University Graduate School of Education. June, 2018. Nur-Sultan, 2018. 104 p. [Электрондық ресурс]: URL: [https://nur.nu.edu.kz/bitstream/handle/123456789/3667/MA\\_2018\\_Alexandra%20Nam.pdf?sequence=1&isAllowed=y](https://nur.nu.edu.kz/bitstream/handle/123456789/3667/MA_2018_Alexandra%20Nam.pdf?sequence=1&isAllowed=y) (өтінім берілген күні: 12.03.2022).

[10] Nurzhayeva A.M., Aldabek N.A., Nadirova G.E., Saparbayeva N.B., Svoikin K.B. Impact of Textbook Reform on the Formation of Chinese National Identity. Integratsiya obrazovaniya = Integration of Education. 2021; 25(1):22-42. DOI: <https://doi.org/10.15507/1991-9468.102.025.202101.022-042> (өтінім берілген күні: 12.03.2022).

[11] Кириченко С.Н. Воспитание национального самосознания подростков в общеобразовательной школе: Дис. ... канд.пед.наук: 13.00.01. – Майкоп, 2002. – 26 с. [Электрондық ресурс]: URL: <http://www.dslib.net/obw-pedagogika/vospitanie-nacionalnogo-samosoznaniya-podrostkov-v-obweobrazovatelnoj-shkole.html> (өтінім берілген күні: 12.03.2022).

[12] Антоненко Н.В. Концепция национального вопроса Н.П.Милюкова // Вестник ТГУ. – Вып.5 (61), 2008. – С.419-422 [Электрондық ресурс]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/v/kontseptsiya-natsionalnogo-voprosa-pn-milyukova> (өтінім берілген күні: 12.03.2022).

[13] Здоровье подростков и молодежи как общественная ценность Казахстана: Отчет Национального центра проблем формирования здорового образа жизни МЗ РК. – Алматы: Детский фонд ООН (ЮНИСЕФ), 2009. – 52 с. [Электрондық ресурс]: URL: <https://www.unicef.org/kazakhstan/media/2471/file/Публикация%20.pdf> (өтінім берілген күні: 12.03.2022).

[14] Мухтарова Ш.М. Формирование национального самосознания студентов в учебно-воспитательном процессе: Автореф.дис. ... канд.пед.наук. – 2003. - 215 с. [Электрондық ресурс]: URL: [http://www.nauka.kz/page.php?page\\_id=107&lang=1](http://www.nauka.kz/page.php?page_id=107&lang=1) (өтінім берілген күні: 12.03.2022).

[15] Выготский Л.С. Мышление и речь. – М.: Лабиринт, 2012. – 352 с.

[16] Молодцова Т., Ефремова О., Шилова С., Кобышева Л. Актуальные проблемы патриотического воспитания будущих психологов образования как составной части общепрофессиональной подготовки. SHS Web of Conferences 70, 2019. С.63-68.

[17] Чандра А. Ребенок и подросток. Письмо о поведении. Университет Брауна. США. 32, 3, 2016, 128 с.

[18] Черникова Е., Сиврикова Н., Пташко Т. Неформальное образование подростков. Сеть конференций SHS. 55. 2018. 167-173 с.

#### References

[1] Shaldarbekova A.B. O sovremennom sostoyanii nacional'noj identichnosti v Respublike Kazahstan: istoricheskij aspekt // edu.e-history.kz. – 2019. - № 2(18) [Elektronnyy resurs]: URL: <https://edu.e-history.kz/ru/publications/view/1167> (otinin berilgen kuni: 05.06.2022).

[2] Konceptsiya realizacii nacional'noj idei «Mangilik el» v vuzah Kazahstana – Almaty: KazNPU imeni Abaya, 2015. – 22 s. [Elektronnyy resurs]: URL: [https://www.kaznpu.kz/docs/novosti/ins\\_ped\\_psih/conseption\\_mangilik\\_el\\_russian.pdf](https://www.kaznpu.kz/docs/novosti/ins_ped_psih/conseption_mangilik_el_russian.pdf) (otinin berilgen kuni: 10.03.2022).

[3] Prohorov I. Orientiry duhovnogo razvitiya / Kazahstanskaya pravda. – 18.03.2019 [Elektronnyy resurs]: URL: <https://kazpravda.kz/n/orientiry-duhovnogo-razvitiya/> (otinin berilgen kuni: 12.03.2022).

[4] Barkanova O.V. Formirovanie nacional'nogo samosoznaniya starshih doshkol'nikov v sovremennoj sisteme obrazovaniya / O.V.Barkanova, D.I.Voroshilova // Molodoj uchenyj. - 2018. - № 20(206). - S.58-59 [Elektronnyy resurs]: URL: <https://moluch.ru/archive/206/50433/> (otinin berilgen kuni: 23.06.2022).

[5] Mardahaev L.V., Kusajnova M.A., Smagulova N.K., Tusenova M.K. Izuchenie etnicheskogo samosoznaniya v nachal'noj shkole cherez nacional'nye cennosti // Vestnik nauki. – 2019. - № 12(21). – T.1. – S.51-56 [Elektronnyk resurs]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/izuchenie-etnicheskogo-samosoznaniya-v-nachalnoy-shkole-cherez-natsionalnye-tsennosti/viewer> (otnim berilgen kuni: 12.03.2022).

[6] O prinyatii Konceptual'nyh osnov vospitaniya v usloviyah realizacii programmy «Ruhani zhangyru»: Prikaz MON RK. – 15.04.2019. - № 145 [Elektronnyk resurs]: URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=36534445](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36534445) (otnim berilgen kuni: 12.03.2022).

[7] Kozhahmetova Zh., Nauryzbaj Z. Sem'ya - glavnyj institut vospitaniya lichnosti // Pedagogika i psihologiya. – 2021. – № 2(47). – S.249–255: DOI: 10.51889/2021-2.2077-6861.29 [Elektronnyk resurs]: URL: <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/215> (otnim berilgen kuni: 23.03.2022).

[8] Kuzdeubaeva A., Mustapaeva T., Tobagabylova A. Nравственные ценности как основа формирования поликультурной личности // Pedagogika i psihologiya. – 2021. – № 4(49). – S.245–253: DOI: 10.51889/2021-4.2077-6861.29 [Elektronnyk resurs]: URL: <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/422> (otnim berilgen kuni: 23.03.2022).

[9] Nam A. Medium of instruction and national identity. - Nazarbayev University Graduate School of Education. June, 2018. Nur-Sultan, 2018. 104 p. [Elektronnyk resurs]: URL: [https://nur.nu.edu.kz/bitstream/handle/123456789/3667/MA\\_2018\\_Alexandra%20Nam.pdf?sequence=1&isAllowed=y](https://nur.nu.edu.kz/bitstream/handle/123456789/3667/MA_2018_Alexandra%20Nam.pdf?sequence=1&isAllowed=y) (otnim berilgen kuni: 12.03.2022).

[10] Nurzhayeva A.M., Aldabek N.A., Nadirova G.E., Saparbayeva N.B., Svoikin K.B. Impact of Textbook Reform on the Formation of Chinese National Identity. Integratsiya obrazovaniya = Integration of Education. 2021; 25(1):22-42. DOI: <https://doi.org/10.15507/1991-9468.102.025.202101.022-042> (otnim berilgen kuni: 12.03.2022).

[11] Kirichenko S.N. Vospitanie nacional'nogo samosoznaniya podrostkov v obshcheobrazovatel'noj shkole: Dis. ... kand.ped.nauk: 13.00.01. – Majkop, 2002. – 26 s. [Elektronnyk resurs]: URL: <http://www.dslib.net/obw-pedagogika/vospitanie-nacionalnogo-samosoznaniya-podrostkov-v-obweobrazovatelnoj-shkole.html> (otnim berilgen kuni: 12.03.2022).

[12] Antonenko N.V. Konceptsiya nacional'nogo voprosa N.P.Milyukova // Vestnik TGU. – Vyp.5 (61), 2008. – S.419-422 [Elektronnyk resurs]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/v/kontseptsiya-natsionalnogo-voprosapn-milyukova> (otnim berilgen kuni: 12.03.2022).

[13] Zdorov'e podrostkov i molodezhi kak obshchestvennaya cennost' Kazahstana: Otchet Nacional'nogo centra problem formirovaniya zdorovogo obraza zhizni MZ RK. – Almaty: Detskij fond OON (YuNISEF), 2009. – 52 s. [Elektronnyk resurs]: URL: <https://www.unicef.org/kazakhstan/media/2471/file/Rublikaciya%20.pdf> (otnim berilgen kuni: 12.03.2022).

[14] Muhtarova Sh.M. Formirovanie nacional'nogo samosoznaniya studentov v uchebno-vospitatel'nom processe: Avtoref.dis. ... kand.ped.nauk. – 2003. – 215 s. [Elektronnyk resurs]: URL: [http://www.nauka.kz/page.php?page\\_id=107&lang=1](http://www.nauka.kz/page.php?page_id=107&lang=1) (otnim berilgen kuni: 12.03.2022).

[15] Vygotskij L.S. Myshlenie i rech'. – M.: Labirint, 2012. – 352 s.

[16] Molodcova T., Efremova O., Shilova S., Kobysheva L. Aktual'nye problemy patrioticheskogo vospitaniya budushchih psihologov obrazovaniya kak sostavnoj chasti obshcheprofessional'noj podgotovki. SHS Web of Conferences 70, 2019. S.63-68.

[17] Chandra A. Rebenok i podrostok. Pis'mo o povedenii. Universitet Brauna. SSHA. 32, 3, 2016, 128 s.

[18] Chernikova E., Sivrikova N., Ptashko T. Neformal'noe obrazovanie podrostkov. Set' konferencij SHS. 55. 2018. 167-173 s.

**Важность формирования национального самосознания школьников**

**Қ.Ж. Утеева**

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
(Алматы, Казахстан)*

*Аннотация*

Сегодня в стенах школы проходит путь формирования эффективного национального самосознания, возвышения страны, духовного обновления нашего общества. Результат такого воспитания определяется тем, насколько искренен ученик на его творческом пути. Результаты работы ученика по патриотическому воспитанию измеряются уровнем подготовки и стремления учащихся к выполнению гражданских и патриотических обязанностей, в сочетании с личным и общественным интересом, вкладом в родной край, в процветание Родины. В творческой работе рассмотрены основные направления сферы воспитания, пути их организации, формы работы с родителями, пути привития патриотического воспитания школьнику.

*Ключевые слова:* подростки; национальное самосознание; национальные ценности; самосознание; мораль; воспитательный потенциал.

**The Importance of Forming the National Self-Consciousness of Schoolchildren**

**K. Uteeva**

*Abai Kazakh National Pedagogical University  
(Almaty, Kazakhstan)*

*Abstract*

Today, the formation of an effective national consciousness within the walls of the school is a way to raise the country, spiritual renewal of our society. The result of such education is determined by how sincere the student is in his creative path. The result of the student's work on patriotic education is measured by his contribution to the prosperity of his native land, his homeland, the ability to combine personal and public interest, the teacher's motivation and readiness to fulfill his civic and patriotic duties to students. The main directions of the educational sphere, ways to organize them, types of work with parents, ways to instill patriotic education in students are considered in the creative work.

*Keywords:* teenagers; national identity; national values; self-awareness; morality; educational potential.

*Редакция 08.09.2022 қабылданды.*

*МРНТИ 159.9 07*

*DOI 10.51889/7966.2022.96.77.027*

*Қ.Е. АБДУЛЛИНА<sup>1\*</sup>, Л.Ф. КРУПЕЛЬНИЦКАЯ<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
(Алматы, Қазақстан),*

*<sup>2</sup> Тарас Шевченко атындағы Киев ұлттық университеті (Киев, Украина)  
kyrabydyl@mail.ru\*, krlyuda@gmail.com*

**ҚАЗАҚ СӘНДІК ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРІНІҢ ҚҰРАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ ЕСТУ  
ҚАБІЛЕТІ НАШАР ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЛСЕНДІЛІГІН  
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Аңдатпа*

Мақалада нашар еститін және қалыпты еститін мектеп оқушыларының киіз басу сабағы барысындағы бірлескен іс-әрекеттерінің нашар еститін оқушының жеке тұлғасының диалогтық және әлеуметтік белсенділігін дамытуға жағдай жасайтын ерекшеліктері қарастырылады. Авторлар мұндай сабақты